

Кейбір акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 1148 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 249-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І:**

1. "Астана-Қаржы", "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі", "А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты" және "Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты" акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттері "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін қажетті ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 7

ш і л д е д е г і

N

1 1 4 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының П У А Ж - ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

1) акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 107-5-жол алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 123-83, 123-112, 123-113-жолдар алынып тасталсын.

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 217-4-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті" деген б ө л і м д е :

реттік нөмірлері 222-38, 222-39-жолдар алынып тасталсын.

3. "Қазына орнықты даму қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 937 қаулысында (

Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 38, 435 - қ ұ ж а т) :

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

4. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 қазандағы N 961 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж . ,

N 39, 451 - қ ұ ж а т) :

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а s т а л c ы н .

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы N 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы N 962 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж . , N 41, 458 - қ ұ ж а т) :

7-тармақтың 2) тармақшасындағы "пакетін" деген сөзден кейін "кейіннен Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге бере отырып," деген сөздермен толықтырылсын.